

Шетелдік инвесторлардың құқығын қорғау жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын («инвестициялық омбудсмен» қағидаты бойынша) құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 16 сәуірдегі № 66-ө өкімі

Шетелдік инвесторлардың құқығын қорғау жөнінде ұсыныстар әзірлеу («инвестициялық омбудсмен» қағидаты бойынша) мақсатында:

1. Шетелдік инвесторлардың құқығын қорғау жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобы (бұдан әрі – жұмыс тобы) мынадай құрамда құрылсын:

Исекешев - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Әсет Өрентайұлы орынбасары – Қазақстан Республикасының
Индустрия және жаңа технологиялар министрі,

жетекші

Кравченко - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының
Андрей Николаевич орынбасары, жетекшінің орынбасары (келісім
бойынша)

Хаиров - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа
Ерлан Қартайұлы технологиялар министрлігі Инвестиция
комитетінің төрағасы, хатшы

Мыңбаев - Қазақстан Республикасының Мұнай және газ
Сауат Мұхаметбайұлы министрі

Тұрғымбаев - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің
Ерлан Заманбекұлы орынбасары

Бекетаев - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Марат Бақытжанұлы жауапты хатшысы

Боданов - Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа
Айвар Жиреншеұлы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес
агенттігі (қаржы полициясы) төрағасының
орынбасары (келісім бойынша)

Дәленов - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
Руслан Ерболатұлы

Құсайынов - Қазақстан Республикасының Экономика
Марат Әпсеметұлы және бюджеттік жоспарлау вице-министрі

Егемберді - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты
Ерғали Қуандықұлы әлеуметтік қорғау вице-министрі

Смайылов - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар
Жанболат Амангелдіұлы вице-министрі

Төкежанов - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
Болат Тұрғанұлы вице-министрі
Ысқақов - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны
Марлен Нұрахметұлы қорғау вице-министрі
Қосжанов - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік
Бақытбек Жамалбекұлы комитеті Экономикалық қауіпсіздік
департаментінің бастығы (келісім бойынша)
Әбдіқадыров - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
Еліс Нұрқасымұлы Азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі
қадағалау сот алқасының төрағасы (келісім
бойынша)

2. Жұмыс тобы 2013 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде шетелдік инвесторлардың құқығын қорғау жөнінде («инвестициялық омбудсмен» қағидаты бойынша») ұсыныстар әзірлесін және оларды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі Ә.Ө. Исекешевке жүктелсін.

Премьер-Министр

С. Ахметов